

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2016 жылғы 20 сәуірдегі № 118 "Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және орман шаруашылығы саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2022 жылғы 1 тамыздағы № 174 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 10 тамызда № 29083 болып тіркелді

Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2016 жылғы 20 сәуірдегі № 118 "Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және орман шаруашылығы саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" қаулысына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4550 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулысымен бекітілген З-қосымша осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны оны ресми жарияланғаннан кейін Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің интернет – ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Шығыс Қазақстан облысы әкімінің әлеуметтік сала мәселелері жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

Шығыс Қазақстан облысы  
әкімінің міндеттін атқарушы

"КЕЛІСІЛДІ"

Шығыс Қазақстан  
облыстық мәслихаты

A. Сматлаев

Шығыс Қазақстан облысы  
әкімдігінің  
2022 жылғы 1 тамыздағы  
№ 174 қаулысына  
қосымша

**Азаматтық қызметшілер болыш табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін білім беру саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі**

Орта білім беру үйымының (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта), техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымының, мамандандырылған білім беру үйымының, арнайы білім беру үйымының, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған үйымның, балалар мен ересектерге арналған қосымша білім беру үйымының, оқу-әдістемелік (әдістемелік) орталықтың (кабинеттің), дарынды балалармен жұмыс жөніндегі орталықтардың, қосымша білім берудің (орталықтың, кешенниң) басшысы (директор, мектепке дейінгі үйымның меншеруші);

білім беру үйымы басшысының орынбасары: мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, оқу, оқу-өндірістік, оқу-тәрбие, оқу-әдістемелік, оқу-сауықтыру жұмысы және қосымша білім беру (орталық, кешен), тәрбие жұмысы, ақпараттандыру, бастапқы әскери даярлық бойынша, инновациялық білім беру (технологиялар), ақпараттық технологиялар бойынша, бейінді, кәсіптік оқыту бойынша, оқу-әдістемелік бірлестік бойынша;

барлық мамандық мұғалімдері;

білім беру үйимдары интернатының, зертханасының, кабинетінің; оқу-өндірістік, оқу-әдістемелік, оқу-тәрбие қызметімен, оқу бөлімімен, секторымен, оқу-өндірістік (оқу) шеберханасымен тікелей айналысатын білім беру үйимдарындағы бөлімшенің кітапхана меншерушісі;

әлеуметтік педагог, қосымша білім беру педагогы, педагог-психолог, арнайы педагог (мұғалім-дефектолог, дефектолог, мұғалім-логопед, логопед, олигофренопедагог, сурдопедагог, тифлопедагог);

тәрбиеші: жатақхананың аға тәрбиешісі, тәрбиеші (білім беру үйимдарында), тәрбиеші-ана, тәрбиешінің көмекшісі;

аға вожатый, вожатый;

оқытушы; тікелей оқу-оқытушылық қызметпен айналысатын спорт жөніндегі жаттықтырушы-оқытушы, спорт жөніндегі аға жаттықтырушы-оқытушы;

аға шебер, өндірістік оқыту шебері; өндірістік оқыту шебері – оқытушысы;

әдіскер: мектепке дейінгі және орта білім беру үйимдарының, қосымша білім беру үйимдарының; техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйимдарының, оқу-әдістемелік (әдістемелік) орталықтың (кабинеттің), арнайы білім беру үйымының;

оку-тәрбие қызметімен тікелей айналысатын музикалық жетекші, аккомпаниатор, концертмейстер, хореограф, көркемдік жетекші;

мамандар (бас, аға), оның ішінде: кітапханашы, медициналық бике, вожатый, хореограф, нұсқаушы, лаборант.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК